

Ш. Букабаева

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕГІ ШАРТТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ДЕЛИКТІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік бірнеше негіздер бойынша бөлінеді, мысалға: үлесті және бірігіп жауап беру; жауапкершілік шараларын қолдану реті бойынша – негізгі және қосымша жауапкершілік; жауапкершілік мөлшеріне байланысты – жоғарылатылған және шектеулі жауапкершілік; нақты жауап беруші субъектіге қатысты – өз әрекеті үшін немесе бөтеннің әрекеті үшін жүктелетін жауапкершілік; жауапкершіліктің пайда болу негіздемесі бойынша шартты бұздан пайда болатын жауапкершілік және зиян келтіруден пайда болатын жауапкершілік [1, 99б.].

Соңғы бөлуде біз заңнамада көрсетілген “зиян келтіру үшін жүктелетін жауапкершілік” термині орнына, “деликтілік жауапкершілік” терминін қолдануды жөн көріп отырмыз. Зиян келтіру үшін жүктелетін жауапкершілік термині, мән-жайды толық сипаттай алмайтын секілді, себебі шартты жауапкершілік те зиян келтіру үшін жүктеледі. Сондықтан, жұмыста азаматтық-құқықтық деликтілік жауапкершілік термині қолданылады. Кейбір мемлекеттер заңнамалары азаматтық-құқықтық жауапкершілікті шартты және деликтілік деп бөлмейді [2, 150б.]. Алайда бұл шешімнің қаншалықты негізсіз екені төмендегі осы екі жауапкершілік түрінің бір-бірінен айырмашылықтарынан көруге болады.

Азаматтық-құқықтық шартты міндеттемені орындамаған және тиісті орындамаған үшін жүктелетін жауапкершілік деликтілік жауапкершіліктен бастау алғаны анық. Алайда, шартты жауапкершіліктің деликтілік жауапкершіліктен бөлініп шығуы бір мезетте болған жоқ, бұл ұзақ процесс болды. А.С. Комаров еңбегіне жүгінсек ағылшын құқығының өзінде шартты жауапкершілік 16-17-ші ғасырларда қалыптаса бастады [3, 8б.].

Шартты жауапкершілік, шартты міндеттемені орындамау немесе тиісті орындамаудан пайда болатын борышқордың несие беруші алдындағы жауапкершілігі. Шартты емес жауапкершілік бір тұлғаның құқыққа қарсы әрекетімен екінші тұлғаға мүліктік зиян келтірген үшін жүктелетіндігі бәрімізге мәлім.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің осы түрлеріне тоқталып, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын белгілесек, біз төмендегідей көрініске тап боламыз.

1. Біріншіден, шартты жауапкершілік және шартты емес жауапкершілік әр түрлі заңды фактілерден пайда болады, “демек олардың құқықтық реттелуінде жалпы қағидаларымен қоса өзгешеліктері де бар” [4, 1б.]. Шартты жауапкершілік – шартты және тағы басқа құқықтық нәтижеге жетуді көздейтін міндеттемелерді (мәмілелерді) бұздан пайда болады. Ал деликтілік жауапкершілік пайда болу негіздемесі ҚР АҚ 917-бабы, 1-тармағы бойынша – азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттерімен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік немесе мүліктік емес) зиян. Шартты жауапкершілік өмірдегі қалыпты қатынастардың нысаны болып табылса, шартты емес жауапкершілік аномалия, ол екі тарапқа да, немесе біріне күтпеген жерден пайда болады.

2. Екі жауапкершілік түрлерінде жауапкершілік мөлшерлері әр түрлі болуы мүмкін, деликтілік жауапкершілік мөлшері тек келтірілген нақты залал орнын толтырумен шектелсе, шартты жауапкершілікте орын толтыруға айыппұлдар қосылып, ол нақты орын алған шығын мөлшерінен асып түсуі мүмкін, басқа бір жағдайларда нақты келтірілген залал мөлшерінен төмен болуы да мүмкін (айрықша, баламалы айыппұлдар). Алайда, біздің ойымызша, азаматтық құқықта жауапкершілік мөлшері, барлық жағдайда келтірілген залал мөлшеріне сәйкес келуі тиіс, мейлі ол деликтілік жауапкершілік болсын немесе шартты жауапкершілік болсын. Яғни, жауапкершілік мөлшері келген залалдан жоғары да емес, төмен де емес болуы керек. Өкінішке орай осы ойды ұстану қиынға соғады, себебі оған заңнамамен кедергілер келтіріледі (мысалға, жауапкершіліктің кінә үшін жүктелуі және айыппұлдардың кеңінен қолданылуы);

3. Біздің заңнама бойынша, деликтілік жауапкершілік те жәбірленушінің немқұрайлық кінәсі ескерілмей өрескел абайсыздық кінә нысаны жауапкершілік жүктеуде ескеріледі (ҚР АҚ 935-бап). Себебі жәбірленуші оған келетін зиянды күтпейді, демек оны жоғарылатылған ұқыптылық сақтамады деп кінәлауға болмайды. Шартты жауапкершілікте жәбірленушінің еш кінәсі ескерілмеуі тиіс, тек жәбірленушінің тәуекелі негізінде келген, жауапкершілік мөлшерін анықтау үшін залалдағы оның үлесі ескерілуі тиіс. Біздің кінәге қатысты ойымызды ескерсек, әрине бұл айырмашылық жойылады. Яғни, біз кінәні азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу үшін қажетсіз деп есептейміз;

4. Екі жауапкершілік түрлерінде әр түрлі талап қою мерзімдері белгіленуі мүмкін (ҚР АҚ 187 б., 178 б.) Деликтілік жауапкершілікте талап қою мерзімі шартты жауапкершілік талап қою мерзімінен ұзақ болуы мүмкін;

5. Деликтілік жауапкершілікте залал міндеттеменің және жауапкершіліктің пайда болуының міндетті шарты. Ал шартты жауапкершілікте залал барлық жағдайда орын алуы міндетті емес. Шартты жауапкершілік зиян болмағанда жүктеліп, тек айыппұл өндірумен шектелуі мүмкін;

6. Шығын орнын толтыру деликтілік жауапкершілікті және тараптар арасындағы міндеттемелік қатынасты тоқтатады. Шартты жауапкершіліктің жүзеге асырылуы негізгі міндеттемені тоқтатпауы мүмкін, яғни міндеттемені заттай орындау бойынша тараптар арасында шартты қатынас жалғаса беруі мүмкін [1, 103б.];

7. Көп жағдайда деликтілік жауапкершілікті реттейтін нормалар императивті сипатты иеленеді, ал шартты жауапкершілікті реттейтін нормалар диспозитивті сипатты иеленеді. Шартты қатынаста тараптар жауапкершілікке қатысты ережелерді өзгертуге кең мүмкіндіктер иеленеді;

8. Шартты міндеттемеде тараптар жауапкершілік туралы ережелерді өздері алдын-ала белгілей алады, ал деликтілік жауапкершілікте осындай алдын-ала жасалатын келісім орын алмайды;

9. Деликтілік жауапкершілікте орын толтыру заттай жүргізілуі мүмкін болса, шартты жауапкершілікте көп жағдайда орын толтыру ақшалай жүргізіледі;

10. Деликтілік жауапкершілікте бөтеннің кінәсі үшін жауап беру ұғымы жоқ, мұнда тек біреудің әрекеті үшін, бірақ өз кінәсі үшін жүктелетін жауапкершілік бар (әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі тұлға үшін оның қамқоршысы, қорғаншысы жауапкершілігі). Шартты жауапкершілікте керісінше бөтеннің (3-ші тұлғалар) кінәсі үшін жүктелетін жауапкершілік бар;

11. Деликтілік жауапкершілікте тұлға жалпы міндетті (ешкімге зиян келтірмеу міндетін) бұзса, шартты жауапкершілікте шартты міндеттемелер, яғни тараптармен нақты белгіленген міндеттер бұзылады [5, 90б.];

12. Шартты жауапкершілікте құқыққа қарсылық көп жағдайда, әрекетсіздікпен жасалады. Деликтілік жауапкершілікте құқыққа қарсылық, көп жағдайда әрекетпен жасалынады [6, 176.];

13. Деликтілік жауапкершілік өзімен жаңа міндеттеме орнатса, шартты жауапкершілік қосымша, яғни негізгі міндеттемеден кейін пайда болатын міндеттеме болып табылады.

Сонымен қатар, кеңес өкіметі кезінде деликтілік жауапкершілік жоғарылатылған жауапкершілік деп танылды. Яғни, бұзушыда кінә болмаған кезде де жауапкершілік жүктеу көрсетілген (қауіпті қайнар көзбен келтірілген зиян үшін қауіпті қайнар көз иесінің жауапкершілігі). Ал шартты жауапкершілік жалпы ережеге негізделіп, кінә болғанда ғана қолданылуы көзделген болатын. Біз жоғарыда шартты және деликтілік жауапкершілік айырмашылықтарын көрсеттік және осының негізінде “азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрлері арасында бір-бірінен принципті айырмашылықтар жоқ, олар заңға негізделеді және азаматтық деликтіден пайда болады” – деушілер сөзін жоққа шығардық [7, 85б.].

Жоғарыда келтірілген азаматтық-құқықтық деликтілік жауапкершілік және шартты жауапкершілік айырмашылықтары оларды реттейтін нормаларды бір-бірінен нақты ажыратуды қажет етеді. Көп жағдайда шартты және деликтілік жауапкершіліктер бір-бірімен қиылысады сол кезде жәбірленуші құқығын тиімді қорғайтын жауапкершілік түрін қолдану керек.

Яғни, бір жағдайларда деликтілік жауапкершілік пе, әлде шартты жауапкершілік қолданыла ма? Осыны анықтау қиынға соғады, мысалға шартқа негізделген медициналық қызмет көрсету кезінде келтірілген зиян. Осында дұрыс жауапкершілік түрін таңдау жәбірленушінің құқығын қаншалықты тиімді қорғалуына өз әсерін тигізеді.

Егер жауапкершілік шартты деп танылса жәбірленуші заң бойынша шығын орнын толтырумен қатар бұзушыдан айыппұлдар өндіре алады; жәбірленуші алдында нақты кінәлі емес тұлға жауап беруі мүмкін; орын толтыру тек ақшалай жүргізіледі; талап қою мерзімі заңмен қысқартылуы мүмкін; жәбірленушінің барлық кінә нысандары жауапкершілік жүктеу кезінде ескеріледі. Ал егер жауапкершілік деликтілік деп танылса, онда орын толтыру нақты келтірілген зиян мөлшерімен шектеледі; орын толтыру заттай жүргізілуі мүмкін; тек нақты кінәлі тұлға жауапкершілікке тартылады; талап қою мерзімі ұзақ. Яғни, бір жағдайда деликтілік жауапкершілік тиімді болып шартты жауапкершілік тиімді болмаса, екінші бір жағдайларда керісінше болуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген мысал шешімі келесідей болуы тиіс, егер шарт жасалса жауапкершілік шартты болуы тиіс, шарт болмаса тиісінше жауапкершілік те деликтілік болып табылады немесе біздің азаматтық құқықтық заңнамада көрсетілгендей несие берушіге қай жауапкершілік түрін қолдану тиімді, ол соны қолдана алады. Яғни, азаматтың шарттық міндеттемелерді, еңбек міндеттерін, әскери міндет қызметтерін орындауы кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян,

егер заң актілерінде немесе шартта көтеріңкі жауаптылық көзделмесе, бұзушыға деликтілік жауапкершілік жүктеледі (ҚР АҚ 936 бап).

Біздің елде тұтынушылар мен өндірушілер арасында өнім сапасына байланысты жауапкершілік мәселесі деликтілік жауапкершілік қарамағына кіреді, оған қатысты ҚР АҚ 47-тарауында (“Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер”) арнайы бөлім қарастырылған (3-бөлім. “Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу”). Ол бойынша, мұндай жағдайларда шарт жасалсын-жасалмасын ҚР АҚ 47-тарауымен реттеледі. Сонымен, жоғарыдағы айырмашылықтарды көрсете тұрып біз шартты және деликтілік жауапкершіліктерді бір-бірінен ажыратудың қаншалықты негізді екендігін көрсеттік. Қазақстандық азаматтық құқықтық тәжірибе, осы екі жауапкершілік түрлерін ажыратып дұрыс бағыт таңдағаны анық. Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік және деликтілік жауапкершіліктердің тағы бір жерлерде қиылысуы, ол борышқордың шартты міндеттемені бұзғаны үшін несие берушінің беделінің төмендеуі. Осы зиянды нәтиженің орнын толтыру деликтілік жауапкершілік шеңберіне кіреді. Яғни, мұнда шартты міндеттеме бұзылуы, деликтілік жауапкершілік тууына негіз болып тұр. Моральды залал шартты жауапкершілікпен өтелгеннен бөлек өндірілуге жатады.

Азаматтық құқықта шартты және деликтілік жауапкершіліктен басқа да құқық қорғау шаралары бар, олар да өздерін шартты жауапкершіліктен ажыратуды қажет етеді, себебі олар шартты қатынаста қолданылады және азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік шараларымен қиылысады. Сонымен қатар, біршама авторлар ол шараларды шартты жауапкершілік шаралары деп атайды. Демек, жауапкершілік шараларымен басқа да құқық қорғау шаралар шектерін белгілеу үшін оларға нақты тоқталу керек.

1. Досжанов Ж.Б. Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік: теориялық аспектісі: заң ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясы. - А., 2008. – 99 б.

2. Ойгензихт В.А. Обеспечение исполнения обязательств: традиции и перспективы // Межвузовский сборник научных трудов. Проблемы обязательственного права. – Свердловск, 1989. – 150 с.

3. Комаров А.С. Ответственность в коммерческом обороте. – М.: Юридическая литература, 1991. – 208 с.

4. Зайдзе В.И. Соотношение договорной и внедоговорной ответственности в советском гражданском праве: автореф. канд. юрид. наук: 12.00.03. – Тбилиси, 1980. – 23 с.

5. Смирнов В.Т., Собчак А.А. Общее учение о деликтных обязательствах в советском гражданском праве. – Л.: Изд. Лен. ун., 1983. – 151 с.

6. Зайдзе В.И. Соотношение договорной и внедоговорной ответственности в советском гражданском праве: автореф. канд. юрид. наук: 12.00.03. – Тбилиси, 1980. – 23 с.

7. Базылев Б.Т. Юридическая ответственность. – Красноярск, 1985. – 118 с.

В данной статье дается характеристика соотношения гражданско-правовой договорной ответственности с деликтной гражданской ответственностью.

А.М. Калыбаева

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ОБ АКЦИОНЕРНЫХ ОБЩЕСТВАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Современные АО представляют собой наиболее совершенную конструкцию юридического лица, имеющую богатую и интересную историю развития [1]. Довольно не просто понять содержание акционерного закона без взгляда на изданные ранее правовые положения 1991 и 1995 годов, а также первый закон «Об акционерных обществах» от 10 июля 1998 года. Но ввиду того, что Казахстан в дореволюционный период развития был частью Российской Империи, будет уместно начать исследование с российских акционерных компаний.

Первые акционерные компании возникли в России в середине XVIII века [2]. Хотя начало к учреждению в России торговых компаний положено было еще Петром I. Петр I Указом от 27 октября 1699 года приказал русским купцам торговать компаниями, как это делается в иностранных государствах, причем Указом от 04 августа 1724 года он поручил Коммерц-коллегии дирекцию и управление этими компаниями. В тот период еще не существовало законодательства, регулирующего деятельность акционерных компаний. В связи с чем их деятельность осуществлялась на основании Устава компании, утвержденного Указом государя императора, то есть в России первоначально для каждой компании составлялся отдельный устав [3].

Начало законодательства об АО было положено Манифестом от 1 января 1807 года «О товариществах по участникам или компаниях на акциях». В Манифесте компании были разделены на три вида – полное товарищество, товарищество на вере и товарищество по участникам, или компания